

ӘОЖ 81’243:378.147

ҒТАМР 14.35.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.002>

**АГРОӨНЕРКӘСІП БАҒЫТЫНДА БІЛІМ АЛАТЫН  
СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ-КОММУНИКАТИВТІ  
ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
(ОНЛАЙН ОҚЫТУ АЯСЫНДА)**

\*Дәуренқызы А.<sup>1</sup>, Дуйсекова К.К.<sup>2</sup>, Сыздықова М.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>СДУ университеті, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада blended learning технологиясының үздік тәжірибесін қолдана отырып, оның ішінде, A la carte Model: Online courses for on campus students моделінің негізінде дамытылған онлайн курсты енгізе отыра, Астана қаласындағы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің “Агрономия” және “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” факультеттері студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Мақала академик С.С. Құнанбаеваның қазіргі заманғы кәсіптік білім берудің алғышарттары негізінде қалыптасқан дәйекті-стадиалды сабақтастық құзіреттілік моделіне негізделеді. Зерттеу жұмысы барысында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығының 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанның жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуды іске асыру бойынша жүргізген мониторингі нәтижесінде, A La Carte моделінің Қазақстандық тәжірибесі МООС, яғни, Massive Open Online Courses, жаппай ашық онлайн курстардың (бұдан әрі – ЖАОК) қолдану аясына сараптама жүргізілді және аграрлық білім беру саласына шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттіліктерді қалыптастыру бойынша курстардың енгізілу қажеттілігі анықталды. Енгізілген курстың тиімділігін зерттеу мақсатында, Астана қаласындағы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің “Агрономия” және “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” факультеттері базасында эксперимент жүргізілді. Зерттеу барысы бойынша жүргізіліп отырған тәжірибеге Агрономия факультетінің “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедрасының 30-дан астам студенттері қатысты. Мақаланың қорытындысында жүргізілген эксперименттің тиімділігі дәлелденіп, Қазақстандық кәсіптік білім беру үрдісіне жасақталған курсты енгізу ұсынылды.

**Тірек сөздер:** blended learning технологиясы, A la carte Model: Online courses for on campus students моделі, студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктері, дәйекті-стадиалды сабақтастық құзіреттілік моделі, аграрлық білім беру саласы, тәжірибе, онлайн курс, кәсіптік білім беру

## Кіріспе

Студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктері – заманауи тіл нормаларына сүйене отырып, нақты сөйлеу жағдайында кәсіби қарым-қатынастың үздік моделін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, коммуникативті іс-әрекетті реттеуге мүмкіндік беретін дағдылар мен біліктіліктердің кешенді жүйесі.

Н.А. Мальцева шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктің екі негізгі компоненттен тұратын моделін ұсынды: I-ші компонент, шеттілдік коммуникативтік құзіреттілікке тән құрылымдық компоненттерді қамтиды, атап айтқанда, а) тілдік құзіреттілік – шетел тілінде кәсіби сөйлеу дағдыларын қамтамасыз етеді, ол тілдің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық бөліктерін толықтай қамтиды; ә) сөз әрекеті құзіреттілігі – кәсіби байланыс барысында экстралингвистикалық ақпараттық білімді қарастырады; б) әлеуметтік-мәдени құзіреттілік – кәсіби саладағы қарым-қатынастың мәдени-әлеуметтік контексті аясында мәдениетаралық өзара әрекеттесуді реттейді; в) білім алу құзіреттілігі – бұл білім алушының оқу процесінде жалпы және арнайы оқу дағдыларын игеруге, сондай-ақ, өз кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруге (өмір бойы білім алуға, lifelong learning) қажетті құзіреттер; г) компенсаторлық құзіреттілік – кәсіби қарым-қатынас процесінде кәсіби-коммуникативтік дағдылардың жеткіліксіздігінен туындайтын қажеттіліктерді толықтыру мақсатында лингвистикалық емес құралдарды қолдана отырып, қарым-қатынас қиындықтарын жеңуге ықпал ететін құзіреттілік. Ал, екінші компонент, мамандандыруға сәйкес арнайы құрылымдық элементтерден тұрады, а) ақпараттық-аналитикалық құзіреттілік – кәсіби маңызды шетел тіліндегі ақпараттың әртүрлі көздерімен дұмыс істеу қабілеті: мәліметті іздеу, өңдеу, жинақтау, сақтау, және оларды сыни тұрғыдан бағалау, анализ және синтез жасау дағдылары. ә) тілдік кәсіби құзіреттілік – шетел тіліндегі арнайы кәсіби терминологияны қолдана отырып, коммуникацияның түрлі жағдайларынан тиімді өту қабілеті. б) аудармашылық құзіреттілік – коммуникацияның семантикалық мағынасын ғана емес, стилін, жанрын, метафоралық және прагматикалық аспектілерін жеткізе алу дағдылары. Осылайша, Н.А. Мальцеваның ұсынған шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктің екі негізгі компоненттен тұратын моделін есепке ала отырып, оқу-тәжірибе сатысында диагностикалық тест құрастырылды.

Қазақстандық QazaqSut ірі қара мал Республикалық сүт және аралас тұқымдар палатасы 2024 жылдың шілдесінде Канадада өткен Дүниежүзілік симменталь тұқымы федерациясы мүшелерінің кездесуінде мүшелікке қабылданды. Бұл қадам Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлін нығайтып қана қоймай, тәжірибе алмасу және ауыл шаруашылығында инновациялық тәжірибелерді енгізу үшін біртұтас кеңістік құрады. Сондай-ақ, Қазақстан соңғы сегіз айда Орталық Азия елдеріне (Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Қырғызстан) 2,5 млн тонна астық экспорттады. Осы тұста, Қазақстан астық және тағы да басқа ауылшаруашылық өнімдерінің экспортқа шығарылу деңгейін көтеру және оны тасымалдайтын елдердің

санын ұлғайту мақсатын көздеуде. Бұл мақсатқа жету үшін елімізге өз кәсібін жетік меңгеріп қана қоймай, әлемнің алпауыт елдерімен тиімді коммуникацияға түсе алатын шеттілдік құзіреттіліктері қалыптасқан білікті мамандардың қажет екендігі сөзсіз.

Осынау қажеттіліктерді ескере отыра бүгінгі жоғары кәсіптік білім берудің өзекті мәселелерінің бірі – тілдік емес бағыттағы, оның ішінде агроөнеркәсіп бағыты бойынша білім алатын студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру болып саналады. Ұсынылып отырған мақалада жиырма бірінші ғасырдың білім беру саласындағы үздік тәжірибелердің бірі blended learning технологиясын қолдана отырып, оның ішінде, A la carte Model: Online courses for on campus students моделінің негізінде дамытылған онлайн курсты енгізіп, Астана қаласындағы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің “Агрономия” және “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” факультеттері студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделіп отыр.

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы білім беру саласына айқын әсер етті, көптеген білім беру және оқыту іс-шаралары онлайн медиа арқылы және виртуалды сыныптарда жүзеге асырыла бастады. Сондай-ақ, соңғы жылдары әлемнің әр түкпіріндегі білім беру мекемелері онлайн білім берудегі онлайн сабақтардың үздік практикаларын оқыту үрдісіне енгізуге қызығушылық таныта бастады. Осы қызығушылықтың артуы нәтижесінде, Blended learning, яғни аралас оқыту термині білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналды [1]. Сондай-ақ, қатар, виртуалды байланыстың орнауы онлайн режимде білім беруді жеңілдетіп, қатысушыларды әлемнің әртүрлі жерлерінен бір оқу аймағына біріктірді [2]. Сонымен, мақаланың мақсаты – осынау blended learning технологиясының негізінде жасақталған “Professional English for non-linguistic university students” онлайн курсының агроөнеркәсіп бағытында білім алатын студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастырудағы тиімділігін эксперимент арқылы тексеру болып бекітілді.

### **Материалдар мен әдістер**


Мақалада келесідей ғылыми әдістер қолданылды: шеттілдік білім беруге аралған ғылыми-теориялық еңбектерді талдау, оқу процесін бақылау, студенттермен пікір алмасу, алынған нәтижелерді жүйелеу, control group және experimental group нәтижелерін салыстыру, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар, статистикалық талдау әдістері мен студенттердің кәсіби-коммуникативтік құзіреттілік деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық тестілеу әдісі қолданылды.

Бүгінгі таңда тілдік емес бағыттағы студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттілігін онлайн жағдайда қалыптастыру мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінің басты тақырыптарына айналған еді.

Соңғы онжылдықта онлайн оқыту барған сайын танымал бола бастады, өйткені ол барлығына қолжетімді, оқытушылар мен білім алушыларға кең ауқымдағы ақпарат береді, икемді оқу ортасын қамтамасыз етеді, сонымен қатар қатысушыларға өз кәсіби саласындағы шетелдік әріптестермен байланыс орнатуға және олармен ынтымақтасуға мүмкіндік береді [3].  
 Онлайн оқыту COVID-19 пандемиясы кезінде таңдамалы үрдістен аса қажетті процесске айналды. Нәтижесінде, қазір виртуалды платформалар мен коммуникацияларға негізделген осындай blended learning сессияларын жоспарлау және қатысу үшін «жеделдіктің мүлдем жаңа деңгейі» пайда болды [4].

*Blended learning is an adaptive and dynamic system combining technology-mediated learning with face-to-face learning* [5]. Сонымен, аралас оқыту онлайн технология арқылы оқыту мен бетпе-бет оқытуды біріктіретін бейімделгіш және динамикалық жүйе (аударма автордікі).

Blended learning (аралас оқытудың) Christensen ұсынған төрт түрлі моделі бар: ротация, икемді тәсіл, A la carte және кеңейтілген виртуалды модельдер (сурет 1).




Сурет 1 - Blended learning (аралас оқытудың) Christensen ұсынған моделі

Осы оқыту модельде аралас оқыту бағытындағы A la carte Model: Online courses for on campus students, яғни дәстүрлі білім алатын студенттерге арналған онлайн курстардың маңыздылығы ерекше [6]. “A La Carte” тәсілі студенттерге тағайындалған оқытушының жетекшілігімен бір немесе

бірнеше курсты онлайн форматта толық аяқтау мүмкіндігін ұсынады. Сонымен бірге, бұл уақытта студенттер дәстүрлі күндізгі білім беру іс-шараларына қатысуды жалғастыруға мүмкіндіктері болады. Бұл онлайн курстарды оқу орнында да, интернет арқылы қашықтан да оқу арқылы білім алу үдерісінің икемділігін қамтамасыз етуге болады [7].


А La Carte моделінің Қазақстандық тәжірибесі moodle.kz, mooc.kz және тағы да басқа жоғары оқу орындары тарапынан ұсынылған онлайн платформаларында қолданылады. Моос, яғни, Massive Open Online Courses, жаппай ашық онлайн курстар (бұдан әрі – ЖАОК)– электронды оқыту технологияларын қолданатын және Интернет арқылы ашық қол жетімділікті қамтамасыз ететін жаппай интерактивті оқыту курстары дәстүрлі білім алатын студенттерге шеттілдік білім беру процесінде ғана емес, басқа да пәндерді оқытуда қолданылады. Осы орайда, бұл тек қашықтықтан білім беру курстарын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі іс-шаралардың кең спектрін қамтитын оқытудың жеке әдісі болып табылатындығын да атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығының 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанның жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуды іске асыру бойынша жүргізген мониторингі нәтижесінде, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ЖАОК (моос) жалпы саны 52 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асырылған. Бұл көрсеткіш, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жалпы санының 50% құрайды. Ұсынылған мәліметке сәйкес, ЖАОК (моос) қолдану аясында алдыңғы жылдардағы (2021 және 2022 жылдар) көрсеткішпен салыстырғанда 2024 жылы өсу үрдісі байқалады. Алайда, 2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ЖАОК (моос) іске асыру көрсеткішінің төмендегенін байқауға болады. Бірақ, бұл көрсеткіш бір жылды толық қамтымаған. Жыл аяғына дейін бұл көрсеткіш деңгейінің өсуі күтіледі (сурет 2).



Сурет 2 - ЖАОК (моос) моос іске асырылған жоғары оқу орындарының жылдар бойынша үлесі

Сондай-ақ, жаппай ашық онлайн курстар дайындық бағыттары бойынша төмендегідей бағыттарды қамтиды (сурет 3):



Сурет 3 - Жаппай ашық онлайн курстар дайындық бағыттары бойынша үлесі

3-ші суреттегі ақпаратқа сүйенсек, жаппай ашық онлайн курстар келесі салаларды қамтиды:

- 1) инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары-433;
- 2) бизнес, басқару және құқық-606;
- 3) өнер және гуманитарлық ғылымдар-399;
- 4) ақпараттық – коммуникациялық технологиялар - 283;
- 5) жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика - 257;
- 6) әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат - 146;
- 7) қызмет көрсету-97;
- 8) денсаулық сақтау-37;
- 9) ауыл шаруашылығы және биоресурстар-29;
- 10) ветеринария – 1

Келтірілген ақпаратқа сәйкес, жаппай ашық онлайн курстарды енгізу және қолдану бойынша ең төменгі көрсеткіш ауыл шаруашылығы және биоресурстар(29) және ветеринария(1) салаларына сәйкес келіп тұр. Яғни, Қазақстанның аграрлық білім беру саласына осынау модельді дамытудың қажеттілігі байқалып тұр. Сонымен бірге, айта кететін жайт, университет платформасында «Компьютерлік инженерия», «Бағдарламалық инженерия» және «Бизнес-информатика» білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған «Ақпараттық технологиялардың математикалық негіздері» курсы және барлық мамандықтардың студенттеріне арналған «Қазақстан тарихы» курстары әзірленіп, орналастырылған. Алайда, университет платформасында «Шетел тілі», «Кәсіби шетел тілі» курстарының дамытылуы өз шешімін күтіп тұрған өзекті мәселе. Осынау курстарды ұсыну арқылы, студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделеді.

Өйткені, шеттілдік кәсіби коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру мәселесі – әлемдік және Қазақстандық кәсіптік білім берудің негізгі сұрақтарының біріне айналған еді.

Академик С.С. Құнанбаеваның пайымдауынша, әлемдік интеграциялық процестер, жоғары білім беру жүйесінің халықты жұмыспен қамту саласындағы жылжымалы және өзгермелі жағдайға ден қою қажеттілігі, қазіргі заманғы өндірістің күрделену динамикасы және осыған байланысты нақты жағдайлар мен жұмыс берушілер тарапынан мамандардың біліктілігі мен кәсіби даярлығына қойылатын талаптарының өсуі – іс жүзінде барлық салаларда жоғары кәсіптік білім берудің мазмұны мен құрылымын реформалау қажеттілігін туындатты.

Түлектің кәсіби дайындығы – бұл кем дегенде төрт құзыреттілік блоктың интегративті жиынтығы, оларды қалыптастыру технологиясы процесінде дәйекті-стадиалды сабақтастық құзыреттілік моделіне сәйкес құрылады. Оған:

1. Кәсіби бағытталған құзыреттілік блогы (негізгі құзіреттер)
2. Кәсіби-негізделген құзыреттілік блогы (базалық құзыреттер)
3. Кәсіби сәйкестендірілген құзіреттілік (мамандандырылған құзіреттіліктер)
4. Мәдениетаралық және халықаралық-кәсіби коммуникативтік құзыреттілік блогы (кәсіби шеттілдік құзыреттіліктер)

Халықаралық қызмет салаларының болашақ мамандары үшін міндетті құзыреттердің келесі блогы мәдениетаралық және шеттілдік кәсіби коммуникация блогы болып табылады. Маманның шеттілдік кәсіби коммуникативті құзыреттілігі – бұл ғылыми және практикалық қызметкерлерге, халықаралық аренада қызмет ететін аграрлық және экономика салаларындағы мамандарға шет тілінде кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шет тілі құралдарымен қалыптастырылатын арнайы құзыреттердің интегративті тұтас жүйесі.

Шеттілдік білім берудің қазіргі теорияларында түпкі мақсат – мәдениетаралық және коммуникативті құзыреттілік деңгейіне жету болып табылады. Шеттілдік коммуникативті құзіреттіліктің нәтижесі мен сапалық деңгейі теориялық тұғырнамалардың зерделі зерттеушілерінің ұстанымына байланысты өзгеріп отырады: қалыптасқан «екінші тілдік тұлға» деңгейінен немесе «мәдениет диалогының тұлғасы» ретінде шетел тілінде native speaker деңгейінде сөйлейтін және лингво-қоғамның мәдениетін білетін деңгейден минималды жеткілікті деңгейге дейін, яғни шет тілімен шектеулі қарым-қатынасты жүзеге асыру және осыған барабар екі ел арасында мәдени делдал рөлінде әрекет ету мүмкіндігіне дейінгі аралықты қамтиды.

Сонымен, Қазақстандық шеттілдік білім берудің негізін қалаушы С.С. Құнанбаеваның ұсынған болашақ түлектердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды қарастыра келе, кәсіби мінез-құлық кодексінің ережелеріне сәйкес студенттер нарықтық қоғам мен кәсіпке қызмет жасауға дайындығымен қатар, өз кәсіптік саласында үздік тәжірибесінің болуымен, кәсіби қызмет барысында туындауы мүмкін мәселелерді шешу барысында

теориялық алған білімін практика жүзінде қолдана алу қабілетімен, қызметінде жаңа технологияларды қолдана алу шеберлілігімен, және сондай-ақ, шетелдік әріптестермен тиімді коммуникацияға түсіп, серіктестік құруы үшін шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттілікке ие болуымен ерекшеленуі қажет. Қазіргі таңда, құзіретті маман өз кәсібінде, жеке ісінде, ғылым саласында кәсіптік ойлау қабілеттерімен ерекшеленетін, шетелдік серіктестермен уәждесу, оларды тиімді талаптарға ынталандыру және екі жақ арасындағы туындауы мүмкін кикілжің мен шиеленістің алдын алу секілді мәселелерді шешу үшін шетел тілін меңгерудің базалық деңгейі жеткіліксіз. Бұл тұста, тілдік дағдылармен қатар, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру сұрағын талдау маңызды екендігі айқын [8].

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына арналған мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес бакалавр дәрежесі оқу компонентінің міндетті пәндерінің бірі ретінде “Кәсіби бағдарланған шетел тілі” пәні енгізілген болатын. Тілдік емес жоғары оқу орындары студенттері үшін де маңызды пән ретінде енгізілген “Кәсіби бағдарланған шетел тілі” курсы студенттерге әр кәсіптік саланың ерекшелгін ескере отырып, іскерлік, ғылыми салалар мен кәсіби жағдайларда шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс [9].

Аграрлық-технологиялық бағыттағы техникалық және кәсіптік білім берудің типтік оқу бағдарламасына сәйкес, пәнді оқытудың мақсаты тілдік дағдылардың жоғары деңгейін қалыптастыру, сондай-ақ: талдауға, бағалауға және шығармашылық ойлауға ықпал ететін әртүрлі міндеттерді дамыту; ауызекі және жазбаша дереккөздердің кең спектріне әсер ету; шет тілін оқыту процесінде базалық аграрлық технологияларды зерделеу арқылы кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті дамыту болып белгіленген еді [10].

Типтік оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

History of the agricultural industry; Natural Disasters; Virtual reality; Organic and non-organic worlds; Reading for pleasure; Electronics and automation in Farming; Breakthrough technologies; Energy; Making connections in biology; Soil; Tillage; Investigate and report on Engines and devices/Science video; Work and inventions; STEM; Recent advances in technology; Transport: Yesterday, Today, Tomorrow.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Зерттеу Астана қаласындағы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің “Агрономия” және “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” факультеттері базасында жүргізілді. Жоба барысы бойынша жүргізіліп отырған тәжірибеге Агрономия факультетінің “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедрасының 30-дан астам студенттері қатысты.



Зерттеу кезеңінің мақсаты “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедраларында білім алаты студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыруда онлайн білім берудің тетіктері мен мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибе арқылы тексеру.

Бұл бағытта жүргізілген бақылаулар, талдаулар барысында экспериментке қатысқан студенттердің оқу іс-тәжірибесі, кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейлері талданды. Зерттеу жұмысымызда әңгімелесу, талдау әдістерін кеңінен және кемелді қолдану негізінде біз студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін онлайн оқыту жағдайында қалыптастыруға бағытталған “Тілдік емес мамандық студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыруға арналған электронды оқу-әдістемелік құралы” мен “Professional English for non-linguistic university students” онлайн курсы жасақтадық.

Бұл онлайн курс тілдік емес жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Курста тілдік емес жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби даярлау барысында олардың шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыруға негізделген тапсырмалар мен мәтіндер жүйесі ұсынылған. Курстың мазмұны аграрлық-технологиялық бағыттағы «кәсіби шетел тілі» пәні бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы және пән силлабусына сәйкес дайындалған.

Аталмыш “Professional English for Agrarian Students” онлайн курсы өсімдік шаруашылығы, биология және сабақтас ғылымдар, ветеринария, азық-түлік өнімдерінің өндірісі, агроинженерия және биотехнология мамандықтары бойынша білім алатын тілдік емес жоғары оқу орындарының студенттеріне ұсынылады.

Курстың мақсаты шеттілдік дағдылардың жоғары деңгейін қалыптастыру, сондай-ақ: талдауға, сыни бағалауға және шығармашылық ойлауға ықпал ететін әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып; шетел тілін оқыту процесінде ауызекі және жазбаша дереккөздердің кең спектрін ұсыну арқылы кәсіби-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру болып бекітілді.

Онлайн курстар – типтік оқу жоспары мен силлабусқа сәйкес студенттердің шеттілдік кәсіби коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік материалдар жиынтығынан құралды. Оларға:

1. Видео-лекциялар
2. Презентациялар
3. Квест түріндегі тапсырмалар
4. Ойын түріндегі жаттығулар
5. Аудио-материалдар
6. Проблемалық ситуациялар

*Зерттеу процесі:*

Тәжірибеге қатысқан студенттердің шеттілдік-кәсіби коммуникативті құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін зерттеу 2 блоктан құралған:

1. Лингвистикалық.

2. Кәсіби коммуникативті, оның ішінде мәдениетаралық-лингвокогнитивті, кәсіби-дискурсивті және кәсіби-стратегиялық.

1-блок: Кәсіби бағыттағы сөздер мен сөз тіркестерін түсіну, студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникацияға қажетті фразаларды, етістіктер мен сөз тіркестерін түсіну, арнайы кәсіптік бағыттағы лексикалық қалыптасу деңгейін зерттеу, кәсіби дискурсті түсіну деңгейлерін анықтауға бағытталған диагностикалық зерттеу жұмыстарын қамтыды.

2-блок: Экспериментке қатысқан “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедраларында білім алаты студенттерінің мәдениетаралық-лингвокогнитивті, кәсіби-дискурсивті және кәсіби-стратегиялық құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін тексеруге бағытталған. Мұнда, студенттерінің мәдениетаралық-лингвокогнитивті, кәсіби-дискурсивті және кәсіби-стратегиялық құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін тексеруге арнайы дайындалған тесттер, интервью, проблемалық-ситуациялық жағдаяттар және рөлдік ойын түріндегі тапсырмалар ұсынылды.

Негізгі параметрлер:

1. Тілдік құзіреттіліктер:

а) Лексикалық: кәсіби терминологияны білу және оны қажетті контекстте қолдана алу құзіреттілігі

б) Грамматикалық: кәсіби дискурсқа сәйкес грамматикалық конструкциялармен сөйлемдерді дұрыс құрастыра алу және қолдану құзіреттілігі.

с) Фонетикалық: тілдің тазалығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін дұрыс дыбыстау, интонация және акцентті қолдану құзіреттілігі.

2. Коммуникативті құзіреттілік:

а) Социоллингвистикалық: кәсіби коммуникацияға тиісті мәдени және әлеуметтік нормаларға сай тілді қолдана алу құзіреттілігі.

б) Прагматикалық: кәсіби контекстте нақты мақсаттарға жету үшін тілді қолдану құзіреттілігі: келіссөздер жүргізу, презентация, жобаларды талқылау құзіреттілігі.

3. Дискурсивті құзіреттілік:

Кәсіби коммуникацияның жанлары мен стильдеріне сәйкес келетін дәйекті және логикалық мәлімдемелер жасау мүмкіндігі: есептер (айлық есептер, жылдық есептер), іскери хаттар, техникалық құжаттар.

4. Стратегиялық құзіреттілік:

Кәсіби коммуникация барысында туындауы мүмкін қиындықтарды жеіуге бағытталған стратегияларды меңгеру, мысалы, paraphrasing (парафразалау), синонимдердің кең спектрін қолдану, нақтылау сұрақтарын қою және т.б.

## 5. Мәдениетаралық құзіреттілік

Кәсіби коммуникацияда кәсіби серіктестер арасындағы мәдени айырмашылықты түсіну, өзге мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау, этикетті сақтау және мәдени ерекшеліктерге толеранттылық таныту.

## 6. Ақпараттық құзіреттілік

Шетел тіліндегі ақпаратты табу, талдау және сыни тұрғыдан бағалау, сондай-ақ, оны кәсіби мәселелерді шешу барысында пайдалану мүмкіндіктері.

Тәжірибелік зерттеу 3 кезеңді қамтыды, яғни, анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдерінен тұрады. Әр кезеңнің өзіндік арнайы мақсаттары айқындалды:

*Анықтау кезеңінің мақсаты* – “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедраларында білім алатын студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау.

*Қалыптастыру кезеңінің мақсаты* “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедраларында білім алатын студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін онлайн курс арқылы қалыптастыру.

*Бақылау кезеңінің мақсаты* – қалыптастырушы эксперименттік кезеңінен кейінгі эксперименттік топ (experimental group) студенттері мен бақылау тобы (control group) студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін салыстырып, математикалық анализ жүргізу.

*Анықтау кезеңінде* қатысқан “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедраларында білім алатын студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін диагностикалық pre-test жүргізу арқылы анықтадық. Нәтижесінде, студенттердің 50 %-ы (15 студент) төмен деңгейді көрсетті. Бұл студенттер құзіреттілікке қатысты сұрақтарға жауап беру барысында қиындықтар туындаған, және қателіктер жіберген болатын. 1-блок эксперимент нәтижесі бойынша студенттердің шеттілдік-кәсіби коммуникативті құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейі төмен екендігі анықталды. Ол бойынша:

а) Студенттердің шетел тіліндегі лексиканы қолдануы белсенді емес пассивті сөздік қорға негізделгендігі анықталды.

б) Кәсіби коммуникация мен дискурсті түсінсе де, оны қолдануда қиындықтардың бағасы байқалды.

1-блок диагностикалық жұмыстар бойынша студенттердің 35 %-ы орташа деңгейді көрсеткен. Олар сұрақтардың 60-70 %-ына дұрыс жауап берген. Ал, жоғары көрсеткішті студенттердің 10 %-ы көрсетті. Ал, қалған 55%-ы төмен деңгейдегі нәтижеге қол жеткізді.

Әрбір диагностикалық тапсырма 5 баллдық шкала бойынша бағаланды.

- 1 балл – төмен деңгей
- 2 балл – ортадан төмен деңгей
- 3 балл – орта деңгей
- 4 балл – ортадан жоғары деңгей
- 5 балл – жоғары деңгей

Әр тапсырманы орындап болған “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедрасы студенттерінің әр күзиреттіліктерінің қалыптасуының төмен, ортадан төмен, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлері белгіленіп, анықталды.

*Қалыптастыру кезеңінде* “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” кафедрасы және “Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы” кафедраларында білім алатын студенттердің experimental group, яғни эксперименттік тобына “Professional English for Agrarian Students” онлайн курсы бойынша сабақтар жүргізілді. Ал, control group студенттерінде дәстүрлі сабақтар жүргізілді.

*Бақылау кезеңінде* қалыптастырушы эксперименттік кезеңінен кейінгі эксперименттік топ (experimental group) студенттері мен бақылау тобы (control group) студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті күзиреттіліктерінің қалыптасу деңгейін тексеру мақсатында post-test жүргізілді. Жүргізілген pre және post-test нәтижелері 1-ші және 2-ші кестелерде ұсынылды:

Кесте 1 – Control group нәтижелері

	<i>Pre-test</i>	<i>Post-test</i>
Student 1	27	27
Student 2	26	27
Student 3	19	19
Student 4	19	20
Student 5	29	29
Student 6	30	30
Student 7	28	29
Student 8	25	26
Student 9	22	22
Student 10	21	22
Student 11	27	28
Student 12	26	26
Student 13	18	19
Student 14	23	23
Student 15	24	24
Average score/ Орташа ұпай	24, 3	24,7

Кесте 2 – Experimental group нәтижелері

	Pre-test	Post-test
Student 1	24	27
Student 2	18	20
Student 3	23	26
Student 4	27	29
Student 5	26	27
Student 6	22	23
Student 7	21	23
Student 8	28	30
Student 9	25	29
Student 10	30	30
Student 11	29	30
Student 12	19	20
Student 13	19	24
Student 14	27	29
Student 15	26	26
Average score/ Орташа ұпай	24, 3	26,2

Яғни, Кестелерде ұсынылған ақпаратқа сүйенсек “Professional English for Agrarian Students” онлайн курсы бойынша сабақтар жүргізілмеген топтағы студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің ортақ көрсеткіші 24,3-тен 24,7-ге өзгерсе. Ал, онлайн курсы бойынша сабақтар жүргізілген топтағы студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің ортақ көрсеткіші 24,3-тен 26,2-ге көтерілгені анықталды.

**Қорытынды**

Бүгінгі таңда кәсіптік білім беру – елдің стратегиялық дамуындағы технологиялар трансфертіне жаңа серпін бере алатын елдің инновациялық кәсіптік әлеуетінің сапалы деңгейін қамтамасыз ететін білікті маман қалыптастыруға бағытталған. Бұл тұста, білікті маман – тек өз кәсіби саласы аясында жетістікке жетіп қана қоймай, әлемдік интеграцияның мүшесі ретінде жаһандық алпауыт елдермен тиімді серіктестікті дамытуға қабілетті шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттіліктері қалыптасқан тұлға болып саналады. Болашақ маманның шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттіліктері – бұл түлектер экономика мен құқықтың, дипломатия мен мәдениеттің, ғылым мен білімнің, аграрлық бизнес пен туризмнің және халықаралық интеграцияның басқа да салаларында өзара әрекеттесуде кәсіби қызметке бейімделуі үшін, әсіресе жаһандану жағдайында сәтті коммуникацияны қамтамасыз ету үшін маңызды. Әсіресе, Қазақстанның аграрлық саладағы жаңа серпілісі – Қазақстандық QazaqSut ірі қара мал Республикалық сүт және аралас тұқымдар палатасы 2024 жылдың шілдесінде Канадада өткен Дүниежүзілік симменталь тұқымы федерациясы мүшелерінің кездесуінде мүшелікке қабылдануы,

Қазақстан соңғы сегіз айда Орталық Азия елдеріне 2,5 млн тонна астық экспорттауы секілді әрекеттері бұл саланың экономикалық және кәсіби маңыздылығының арта түскендігінің дәлелі. Дәл осы тұста, Қазақстандық агроөнеркәсіп мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының кәсіптік білім беру жүйесіне, оның ішінде шеттілдік білім беру аясына, студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру реформасының қажет екендігі анықталды. Бұл мақалада жиырма бірінші ғасырдың білім беру саласындағы үздік тәжірибелердің бірі blended learning технологиясын қолдана отырып, оның ішінде, A la carte Model: Online courses for on campus students моделінің негізінде дамытылған онлайн курсты енгізе отыра, Астана қаласындағы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің “Агрономия” және “Егіншілік және өсімдік шаруашылығы” факультеттері студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделген еді. Осынау жасақталған “Professional English for non-linguistic university students” онлайн курсының агроөнеркәсіп бағытында білім алатын студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастырудағы тиімділігін эксперимент арқылы тексерілді. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек “Professional English for Agrarian Students” онлайн курсы бойынша сабақтар жүргізілмеген топтағы студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің ортақ көрсеткіші 24,87-ден 25,5-ке көтерілсе. Ал, онлайн курсы бойынша сабақтар жүргізілген топтағы студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерінің ортақ көрсеткіші 24,87-ден 26,93-ке көтерілгені анықталды. Яғни, жасақталған “Professional English for non-linguistic university students” онлайн курсының агроөнеркәсіп бағытында білім алатын студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастырудағы тиімділігі дәлелденді.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Rasheed, R. A., Kamsin, A., Abdullah, N. A. Challenges in the online component of blended learning: A systematic review. //Computers and Education. – 2020. – Vol. 144, No. 103701. – Pp. 113-115. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103701> [Date of access: 3.09.2024]

[2] Bokolo, A. An exploratory study on academic staff perception towards blended learning in higher education. //Education and Information Technologies. –2022. –Vol.27, No. 3107–3133. – Pp. 96-101. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.1007/s10639-021-10705-x> [Date of access: 3.09.2024]

[3] Lay, C., Allman, B., Cutri, R., Kimmons, R. Examining a Decade of Research in Online Teacher Professional Development. //Frontiers in Education. – 2020. – Vol. 5, No.10. – Pp. 3-4. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.3389/educ.2020.573129> [Date of access: 16.10.2024]

[4] Hartshorne, R., Baumgartner, E., Kaplan-Rakowski, R., Mouza, C., Ferdig, R. E. Special issue editorial: Preservice and in-service professional development during the COVID-19 pandemic. //Journal of Technology and Teacher Education. – 2020. – Vol. 28, No. 2. – Pp. 137-147. - Access mode: URL:

<https://www.learntechlib.org/primary/p/216910/> [Date of access: 16.10.2024]

[5] Wang, Y., Han, X., Yang, J. Revisiting the blended learning literature: using a complex adaptive systems framework. //Journal of Educational Technology & Society. – 2015. – Vol. 18, No. 2. – Pp. 380–393. - Access mode: URL: <https://www.learntechlib.org/p/158876/> [Date of access: 15.10.2024]

[6] Christensen, C. M., Horn, M. B., & Staker, H. Is K-12 blended learning disruptive? //An introduction to the theory of hybrids. Clayton Christensen Institute for Disruptive Innovation. – Boston, 2013. –Pp. 45-48.

[7] Aksak Kömür, İ., Kılınc, H., Okur, M. R. The rotation model in blended learning. //Asian Journal of Distance Education. – 2023. – Vol.18, No. 2. – Pp. 63-74. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.5281/zenodo.8197798> [Date of access: 15.09.2024]

[8] Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014. – С. 20-36.

[9] Абишева С.К. Профессионально-ориентированный иностранный язык. // Материалы региональной научно-практической конференции магистрантов и студентов «Букетовские чтения – 2016». – Караганды, 2016. – С. 217-221.

[10] Dusekova K.K., Mikhailova T.V. Technologies for the formation of intercultural professional communicative competence (on the example of science students of pedagogical specialties). //Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Педагогические науки». - No 2(65). -Алматы, 2022. – С. 28.

## REFERENCES

[1] Rasheed, R. A., Kamsin, A., Abdullah, N. A. Challenges in the online component of blended learning: A systematic review. //Computers and Education. – 2020. – Vol. 144, No. 103701. – Pp. 113-115. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103701> [Date of access: 3.09.2024]

[2] Bokolo, A. An exploratory study on academic staff perception towards blended learning in higher education. //Education and Information Technologies. –2022. –Vol.27, No. 3107–3133. – Pp. 96-101. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.1007/s10639-021-10705-x> [Date of access: 3.09.2024]

[3] Lay, C., Allman, B., Cutri, R., Kimmons, R. Examining a Decade of Research in Online Teacher Professional Development. //Frontiers in Education. – 2020. – Vol. 5, No.10. – Pp. 3-4. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.3389/feeduc.2020.573129> [Date of access: 16.10.2024]

[4] Hartshorne, R., Baumgartner, E., Kaplan-Rakowski, R., Mouza, C., Ferdig, R. E. Special issue editorial: Preservice and in-service professional development during the COVID-19 pandemic. //Journal of Technology and Teacher Education. – 2020. – Vol. 28, No. 2. – Pp. 137-147. - Access mode: URL: <https://www.learntechlib.org/primary/p/216910/> [Date of access: 16.10.2024]

[5] Wang, Y., Han, X., Yang, J. Revisiting the blended learning literature: using a complex adaptive systems framework. //Journal of Educational Technology & Society. – 2015. – Vol. 18, No. 2. – Pp. 380–393. - Access mode:

URL: <https://www.learntechlib.org/p/158876/> [Date of access: 15.10.2024]

[6] Christensen, C. M., Horn, M. B., & Staker, H. Is K-12 blended learning disruptive? //An introduction to the theory of hybrids. Clayton Christensen Institute for Disruptive Innovation. – Boston, 2013. –Pp. 45-48.

[7] Aksak Kömür, İ., Kılınc, H., Okur, M. R. The rotation model in blended learning. //Asian Journal of Distance Education. – 2023. – Vol.18, No. 2. – Pp. 63-74. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.5281/zenodo.8197798> [Date of access: 15.09.2024]

[8] Kunanbaeva S.S. Kompetentnostnoe modelirovanie professional'nogo inozazychnogo obrazovaniya (Competence-based modelling of professional foreign language education). – Almaty, 2014. – Pp. 20-36.

[9] Abisheva S.K. Professional'no-orientirovannyj inostrannyj jazyk. // Materialy regional'noj nauchno-prakticheskoy konferencii magistrantov i studentov «Buketovskie chteniya – 2016». – Karagandy, 2016. – Pp. 217-221.

[10] Dusekova K.K., Mikhailova T.V. Technologies for the formation of intercultural professional communicative competence (On the example of science students of pedagogical specialties). //Izvestiya KazUMOiMYA imeni Abylay hana. Seriya «Pedagogicheskie nauki». - 2022. - No 2(65). – S. 28.

### **ФОРМИРОВАНИЕ ИНОЯЗЫЧНЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО НАПРАВЛЕНИЯ (В УСЛОВИЯХ ОНЛАЙН-ОБРАЗОВАНИЯ)**

\*Дауренқызы А.<sup>1</sup>, Дуйсекова К.К.<sup>2</sup>, Сыздықова М.<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>3</sup>СДУ, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается вопрос формирования иноязычных профессионально-коммуникативных компетенций у студентов факультетов “Агрономия” “Земледение и растениеводство” Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина в Астане путем внедрения онлайн-курса, разработанного с использованием лучших практик технологии смешанного обучения – модель A La Carte: Online courses for on-campus students. Статья основана на последовательной-стадиальной компетентностной модели преемственности, разработанной на основе предпосылок современного профессионального образования академика С.С. Кунанбаевой. В ходе исследования, проведенного на основании мониторинга, осуществленного Национальным центром развития высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в первой половине 2024 года по вопросу внедрения дистанционного обучения в вузах Казахстана, был проанализирован опыт применения модели A la Carte в контексте массовых открытых онлайн-курсов (МООС). Выявлена необходимость внедрения курсов, направленных на формирование иноязычных профессионально-коммуникативных компетенций в сфере аграрного образования. С целью изучения эффективности внедренного курса был проведен эксперимент



на базе факультетов “Агрономия” “Земледелие и растениеводство” Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина в Астане. В данном эксперименте приняли участие более 30 студентов. В заключении статьи доказывается эффективность проведенного эксперимента и предлагается внедрение разработанного курса в систему казахстанского профессионального образования.

**Ключевые слова:** технология blended learning, модель A La Carte: Online courses for on-campus students, иноязычные профессионально-коммуникативные компетенции студентов, последовательно-стадиальная компетентностная модель преемственности, сфера аграрного образования, эксперимент, онлайн-курс, профессиональное образование

### **FORMATION OF FOREIGN LANGUAGE PROFESSIONAL-COMMUNICATIVE COMPETENCIES OF THE AGRO-A FIELD STUDENTS (IN THE CONTEXT OF ONLINE EDUCATION)**

\*Daurenkyzy A.<sup>1</sup>, Duissekova K.K.<sup>2</sup>, Syzdykova M.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2</sup>ENU L.N. Gumilev, Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>SDU university, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** This article addresses the issue of forming foreign language professional-communicative competencies among students of the “Agronomy” and “Crop Production and Plant Growing” faculties at the Kazakh Agro technical Research University named after S. Seifullin in Astana through the implementation of an online course developed using best practices of blended learning technology, including the A La Carte Model: Online courses for on-campus students. Moreover, the article is based on the consistent-stage competence model of continuity, developed on the premises of modern professional education by academician S.S. Kunanbayeva. The study, conducted on the basis of monitoring carried out by the National Center for Higher Education Development of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in the first half of 2024, analyzed the experience of using A La Carte Model in the context of massive open online courses (MOOCs). The necessity of introducing courses aimed at the formation of foreign-language professional-communicative competencies in the field of agricultural education has been identified. In order to study the effectiveness of the implemented course, an experiment was conducted on the basis of the faculties of the “Agronomy” and “Crop Production and Plant Growing” at the Kazakh Agro technical Research University named after S. Seifullin in Astana. More than 30 students took part in this experiment. In conclusion, the article proves the effectiveness of the experiment and suggests the implementation of the developed course into the system of Kazakhstani professional education.

**Key words:** blended learning technology, A la carte Model: Online courses for on-campus students, foreign language professional-communicative competencies of students, consistent-stage competence model of continuity, field of agricultural education, experiment, online course, and professional education

*Мақала түсті: 16 қазан 2024*

***Авторлар туралы мәлімет***

Дауренқызы Аяна - докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

e-mail: ayanadauren99@gmail.com

Дүйсекова Күляш Керимбековна - филология ғылымдарының докторы, профессор,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: kuliash@yahoo.fr,

Сыздықова Марал - докторант, СДУ Университеті, e-mail: maral.sizdikova@narxoz.kz

***Информация об авторах:***

Дауренқызы Аяна - докторант, Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: ayanadauren99@gmail.com

Дүйсекова Куляш Керимбековна - доктор филологических наук, профессор Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: kuliash@yahoo.fr

Сыздықова Марал - докторант, Университет СДУ, e-mail: maral.sizdikova@narxoz.kz

***Information about authors:***

Daurenkyzy Ayana - doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: ayanadauren99@gmail.com

Duysekova Kulyash - doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: kuliash@yahoo.fr

Syzdykova Maral - doctoral student, SDU University, e-mail: maral.sizdikova@narxoz.kz